КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 13 шілде №7119-26-00-2/7801 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SEOULTECH SERVICE» Тлегенов Ардак Аманжолович жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «SEOULTECH SERVICE» Тлегенов Ардак Аманжолович жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«SEOULTECH SERVICE» Тлегенов Ардак Аманжолович жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SEOULTECH SERVICE» Тлегенов Ардак Аманжолович жеке кәсіпкеріне мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 13.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 21.08.2026, судья Кусманова А. К., 21.08.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

7119-26-3-1/7717